

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 14-апта

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК
 Топ: Әр түрлі жастағы «Балдырған» тобы
 Балалардың жасы: 3,4.
 Жоспардың құрылу кезеңі 02.12 -06.12.2024

Тәрбиешілер: Асылбекова Ж.Е., Мусина К.Е.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.2024	Сейсенбі 03.12.2024	Сәрсенбі 04.02.2024	Бейсенбі 05.12.2024	Жұма 06.12.2024
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Шаттық шеңбер. Алақанды ашайық Күннің нұрын салайық, Жүрек жылуын алайық Жиналған жылы шуақты, Достарыма сыйлайық (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.) Әңгімелесу: «Алақай, қыс келді!» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу) Міндеті: Қыста қандай өзгерістер болатынын түсіндіру және адамдардың ауа-райына байланысты, қалай киіну керек екені туралы айту. Табиғаттың әдемілігін сезіне білуге тәрбиелеу. Сөздік қоры: қыс. Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды Мұз болады, қатады Жып жылтыр боп жатады. Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .</p>				

	Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.				
Ертеңгілік жаттығу	№ 14 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді) Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	«Топтастыр» ойыны. Міндеті: әртүрлі суреттерді ортақ атауына қарай топтастыруға үйрету. (коммуникативтік, ойын әрекеті)	Д.ойын: «Ұқсас заттарды ата» Міндеті: балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. (Математика негіздері-танымдық ойын әрекеті)	«Көңілді аңдар» ойыны. Міндеті: әуенді тыңдай отырып, аңдардың қимылын қайталайды. (шығармашылық, ойын әрекеті)	«Тапсырманы орында» ойыны. Міндеті: берілген тапсырмаларды орындайды. заттың түсін дұрыс ажыратып, атай білуге үйрету. (танымдық, ойын әрекеті)	«Айырмашылығын тап» ойыны. Міндеті: екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге үйрету. (шығармашылық, танымдық, ойын әрекеті)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті 3 жас «Қыс келді» ойыны. Міндеті: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Сөздік қоры: қыс 4 жас Міндеті: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Әдемі жиһаздар» ойыны. 3 жас Міндеті: Дауыссыз (п-б,) дыбыстарды анық айту,	Математика негіздері «Сипап сезу арқылы санау» ойыны. 3 жас Міндеті: Сан, олардың біреуін бөліп көрсету. Сөздік қоры: аз, көп. 4 жас Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды	Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша) Математика негіздері «Зат неге ұқсайды?» ойыны 3 жас Міндеті: Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік	Музыка «Қатты – тыныш» ойыны. 3 жас Міндеті: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету, оларды атай білу. Сөздік қоры: домбыра, жетіген

<p>заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Сөздік қоры: қыс, қар</p> <p>Математика негіздері «Ретімен орналастыр» ойыны. 3 жас Міндеті: Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру . Сөздік қоры: ұзын-қысқа</p> <p>4 жас Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Сөздік қоры: ұзын-қысқа, биік -аласа, жуан-жіңішке</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру. «Менің отбасым» ойыны. 3 жас Міндеті: Балаларды</p>	<p>дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қоры: стол, орындық</p> <p>4 жас Міндеті: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының сөздерімен байыту. Сөздік қоры: шаңсорғыш, тоңазатқыш</p> <p>Математика негіздері «Шыршалар мен саңырауқұлақтар» ойыны. 3 жас</p>	<p>реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Сөздік қоры: бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі «Ертегіні ата» ойыны 3 жас Міндеті: Мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Сөздік қоры: үйшік, шалқан</p> <p>4 жас Міндеті: Балаларды әңгіме айтуға үйрету, затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, бейтаныс заттар,</p>	<p>беру. Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш</p> <p>4 жас Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. Сөздік қоры: биік-аласа, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Дала құстарын ата» ойыны. 3 жас Міндеті: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді -антонимдерді енгізу. Сөздік қоры: аққу-қаз.</p> <p>4 жас Міндеті: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға,</p>	<p>4 жас Міндеті: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. Ағаш қасықтармен, асатаяқ, сазсырнайда қарапайым әуендерді ойнау. Сөздік қоры: асатаяқ, сазсырнай</p> <p>Математика негіздері "Күннің бөліктері" ойыны. 3 жас Міндеті: Уақытты бағдарлау, кешке Сөздік қоры: кеш</p> <p>4 жас Міндеті: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Сөздік қоры: бүгін, кеше, ертең</p>
---	--	--	---	--

	<p>отбасы бейнеленген фотосуреттерді карауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.</p> <p>Сөздік қоры: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Баланың өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).</p> <p>Сөздік қоры: Ана, әке, ата, апа, әже, аға, іні</p>	<p>Міндеті: Кеңістікті бағдарлау, алдында-артында.</p> <p>Сөздік қоры: шырша, саңырауқұлақ</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш.</p>	<p>құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: үйшік, шалқан</p>	<p>көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет:</p> <p>«Ертегілер еліне саяхат» ойыны.</p> <p>3 жас</p> <p>Міндеті: Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p> <p>Сөздік қоры: қоян, түлкі, қасқыр, аю.</p> <p>4 жас</p> <p>Міндеті: Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Сөздік қоры: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі.</p>
Серуенге дайындық №1	Серуен №12. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				

Серуен №1	<p>Кешен № 14 Торғайларды бақылау Міндеті:Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру; құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. Міндеті:еңбекке деген ықыластарын арттыру. Қимылды ойын «Нысанаға тигіз». Міндеті:ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</p>	<p>Кешен №14 Қардың түсуін бақылау Міндеті: Қардың түсуі туралы білімдерін молайту. әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. Міндеті: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту Қимылды ойын: «Ыстық-суық». Міндеті: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.</p>	<p>Кешен №14 Ауладағы ағаштарды бақылау Міндеті:Ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру Еңбек әрекеті: Жолды қардан тазалау. Міндеті: аула қараушыға көмектесу. Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Міндеті:доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Кешен №14 Аула тазалаушы еңбегін бақылау Міндеті: Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Еңбек әрекеті: Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» Міндеті: жүгіруге жаттықтыру; Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау.</p>	<p>Кешен №14 Қара қарғаны бақылау Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау; Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі). Еңбек әрекеті: Аланды қардан тазалау. Мақсаты: ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу Қимылды ойын: «Бәйге». Міндеті:жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Түскі ас	Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, мандайың. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	№ 14 кешен:Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету				

	<p>Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүртінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сулгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Ғажайып кілемше» 3 жас Міндеті: Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. Сөздік қоры: кілем</p> <p>4 жас Міндеті: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Сөздік қоры: кілем</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Теңізде жүзген кеме» 3 жас Міндеті: Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Сөздік қоры: кеме</p> <p>4 жас Міндеті: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Сөздік қоры: кеме</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Достарыма арналған шарлар» 3 жас Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Сөздік қоры: шар</p> <p>4 жас Міндеті: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Сөздік қоры: шар</p>	<p>«Мамандықтар әлемі» бөбекжайға саяхат («Еңбегі адал-жас өрен» жобасы бойынша медбикенің мамандығымен және жұмыс орнымен танысу.) Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Конструктар мен құрастыру» 3 жас Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Сөздік қоры: сары, қызыл</p> <p>4 жас Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, оларды сапасы,</p>	<p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру Ойын: «Ұлу» 3 жас Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Сөздік қоры: ұлу</p> <p>4 жас Міндеті: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық</p>

				көлемімен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Сөздік қоры: сары, жасыл, көк	жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Сөздік қоры: ұлу
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	3 жас 1. Абан Алтынай, 2. Жолдабек Жасмин, 3. Төлеген Ертуған, 4. Оразғали Батырхан, 5. Қожахмет Томирис 6. Тулеген Елдос 7. Нұғыман Мадияр Ойын: «Өз үйіне орналастыр» Міндеті: жануар, құстарды өз мекеніне орналастыруға үйрету. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)	3 жас 1. Дмитриева Афина, 2. Сағындық Нұрболат, 3. Амантай Жасмин, 4. Гараев Алан 5. Абзал Әлімұса 6. Базарбек Алихан Ойын: «Суретші қай жерде қателесті» Міндеті: Берілген суреттен қатені тауып, өз ойын айтуға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет)	4 жас 1. Базарбекова Дария 2. Ғабиден Дінмухаммед 3. Тарғын Айдана 4. Хамитов Мансұр Ойын: «Кім жылдам?» Міндеті: Дайын үлгіні рет ретімен жапсыруға үйрету. (Жапсыру – шығармашылық қызмет)	4 жас 1. Балябин Максим, 2. Қожахмет Мейірхан, 3. Жолдабек Нұрислам 4. Касымбекова Азалия Ойын: «Досыма доп сыйлаймын» Міндеті: Балалар доп туралы біледі, дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояй алуға үйрету. (сурет – шығармашылық қызмет)	4 жас 1. Айсина Адия, 2. Жақсылық Әлихан, 3. Касен Алиша, Ойын: Киімдер Міндеті: мнemo кестемен жұмыс жасай отырып, балаларға киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алуға үйрету. (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы	Ойын: «Суретті есіңе сақта» Міндеті: көру, есін және зейінін дамыту. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Ойын: «Қанша дыбыс естідіңдер?» Міндеті: Жүргізуші бірнеше рет қарындашпен үстелді соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарын	Ойын: «Құмырадағы пипетка» Міндеті: қолдың қимыл қозғалыстарын дамыту. Зейінін шоғырландыру. Базарбекова Дария	Ойын: «Пішіндер» текшесі. Міндеті: геометриялық пішіндер туралы түсінікті қалыптастыру, оларды	Ойын: «Түрлі-түсті макорондар» Міндеті: Тарелкедегі макорондарды ажыратып (түсі, көлемі, пішіні

	саусақпен көрсетеді. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	Сағындық Нұрболат	ажырата білу. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат	бойынша), ыдыстарға салу. Базарбекова Дария Сағындық Нұрболат
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Жуын, жуын, жуынсақ, Қандай жақсы, қуыршақ! Әйтпегенде, бөпешім, Кірлеп кеткен екенсің. Қазір аппақ баласың, Қуанады анашың. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!			
№ 2 серуенге дайындық	Серуен №14. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)			
№ 2 серуен	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Тақия тастамақ» Міндеті: балалардың зейінің дамыта отырып, жылдамдыққа үйрету. Сөздік қоры: жылы киінеміз, күт	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Көлеңке» Міндеті: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту Сөздік қоры: байқа, күт, көмектес	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Киіз үй» Міндеті: балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету. Сөздік қоры: көмектес, итерме, таласпа	Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Поезд» Міндеті: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Сөздік қоры: асықпа, итерме, абайла
Балалардың үйлеріне қайтуы	Ата-аналармен жұмыс: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында «Отбасылық әдеби кеш» («Балалар кітапханасы» жобасы бойынша фото-видео) жасауға тапсырма берілді. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту. Сөздік қоры: Сау болыңыз, Сау болыңыздар!			

Тексерілді: 02.12.24

Әдіскер: Капасова А.С.

номинал меркереңді, кәсіпес беріңді
